

«Студенттік көктем - 2012» байқауы өз мәресіне жетті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да студенттер толыққанды білім алуымен қатар, рухани тәрбиелік мәні зор іс-шаралар мен байқауларға жиі куә болады. Солардың бірі де бірегейі – жыл сайын барлық факультеттердің қатысуымен өткізілетін «Студенттік көктем» көркемөнерпаздар байқауы.

Тәрбие ісі жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен өткен байқау білімгерлердің шығармашылығын дамытуға мүмкіндік беру арқылы, оларды тек сапалы маман ғана емес, жан-жақты, рухани дамыған, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруға негіз болады. «Студенттік көктем» байқауы биыл да өз жалғасын тауып, студент-жастар арасынан «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар» анықталды. 30 наурызда Студенттер сарайында аталған байқаудың марапаттау рәсімі мен гала-концерті өтті.

Фестивальді асыға күткен студенттер, биылғы байқауға ерекше дайындықпен келген. «Студенттік көктем» байқауының гала-концертіне екі ай бойы іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен 14 факультеттің жеңімпаздары қатысты. Жалпы көркемөнерпаздар байқауының бірінші кезеңіне 2000-ға жуық студент қатысып, олардың 700-ге жуығы іріктеу кезеңінде өнер көрсетіп, 300-дей өнерлі өрен соңғы ақтық мәреде әділ-қазылар алқасының алдында өз өнерлерін паш етті. Әділ-қазылар алқасының құрамында ҚР мәдениет қайраткерлері Ермек Елгезеков, Бану Тұрғымбаева, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Ералхан Әбішев, елімізге белгілі өнер жұлдыздары Біржан Хасанғалиев, Индира Расылхан, дәстүрлі әнші Алма Аманжолова, Республикалық «Гүлдер» ансамблінің бишісі, балет-мейстр Әсел Керімбекова, Республикалық «Жан мейірі» журналының бас редакторы Қуаныш Кәрім болды.

Ақтық сыннан сүрінбей өткен өрендер «Эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Халықтық би», «Заманауи би» «Классикалық би», «Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі», «Авторлық шығармалар байқауы», «Ерекше жанр» т.б. аталымдар бойынша гала-концертте марапатталды. Жеңімпаздарды әділ-қазылар мен бірге Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы Санжар Омарұлы марапаттады.

(Жалғасы 8-бетте)



ФАКУЛЬТЕТТІҢ ТҰҢҒЫШ СТУДЕНТ-ДЕКАНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

28 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барлық факультеттерінде студенттер деканын сайлау өтті. Мұндай сайлау ҚазҰУ-да алғаш рет өткізіліп отыр.

Студенттер деканын сайлау сағат 9.00-дан 17.00-ге дейінгі уақыт аралығын қамтыды. Одан кейін сайлау комиссиялары мен факультет декандарының орынбасарлары бақылаған санақ бір сағат уақытты қамтып, сайлаудың қорытындысы айтылды. Осылайша, қара шаңырақ тарихында тұңғыш рет әр факультеттің үздіктері арасынан іріктеліп, 13 факультеттің деканы сайланды.

Халықаралық қатынастар факультетінде басқа факультеттерге карағанда, студенттердің сайлауға қатысу белсенділіктері ең жоғары деңгейде болса, биология және биотехнология факультетінің ұйымдастыру деңгейі жоғары болды. Ал физика факультетінде арнайы сайлау учаскісі, тіпті сайлау кабинкалары,

сонымен қатар концерттік бағдарламалар да ұйымдастырылған.

Бұл іс-шараның студенттік өмірде маңызы зор. Себебі шын мәнінде студенттер арасындағы үздіктердің үздігі, әр факультеттің қаймақтары анықталды. Бірі жеңді, бірі жеңілді.

Студенттік декан болу оңай шаруа емес, бүгіннен олар өз ісіне жауапкершілікпен қарап факультет өміріне ерекше көңіл бөліп, әр ісін ақылға сала отырып шешімдер шығара бастайды.

Сонымен, 13 факультеттің студенттік деканы мынадай қорытындыға сәйкес келеді. Биология және биотехнология факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті Ғазиз Жүнісов, география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті Айжан Райымбекова, тарих, археология және этнология факультетінің студенттік деканы – 3 курс студенті Қайрат Қожанов, механика-математика факультетінің студенттік деканы – 3 курс студенті Айжан Төлепбергенова, шығыстану факультетінің

студенттік деканы – 2 курс студенті Мархабат Жансейітова, журналистика факультетінің студенттік деканы – 3 курс студенті Ғалымжан Кенжебеков, халықаралық қатынастар факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті Алмаз Самалбаев, философия және саясаттану факультетінің студенттік деканы – 3 курс студенті Әйкерім Дәркембаева, экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттік деканы – 1 курс магистранты Асқар Әскеров, физика-техникалық факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті – Айдана Зейнеш, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті Сәбит Жусамбаев, химия және химиялық технология факультетінің студенттік деканы – 3 курс студенті Гүлмарал Махабил, заң факультетінің студенттік деканы – 2 курс студенті Еркін Әбдімәжитов.

Студенттік өмірдің тұңғыш декандарының басқан қадамдарына сәттілік, жұмыстарына табыс тілейміз!

Жастар ұйымдары комитеті

Тазалық айлығы: жеңімпаз бол!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қызметкерлердің «Парасат» кәсіподағының ұйымдастыруымен университетте «Тазалық айлығы» байқауы жарияланған болатын. Байқау 2012 жылдың 12 наурызы мен 12 сәуірі аралығын қамтиды.

Байқау қорытындысы бойынша «Үздік кафедра», «Үздік факультет», «Үздік құрылымдық бөлімше», «Үздік ғимарат және «Үздік жатақхана» анықталады. «Тазалық айлығының» нәтижесі 14 сәуірде ҚазҰУ-дың университеттік деңгейде өтетін «Наурыз» мерекесінде жарияланады.

Жеңімпаздар «Парасат» кәсіподағының құнды сыйлықтарымен марапатталады.

«Парасат» кәсіподағы

БҮГІНГІ САНДА:

Елші сағаты



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Студенттер педагогикалық практикадан алғыс хатпен оралды



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

«Туысқандық институттың берік тінін одан әрі бекіте түсу – айрықша міндет»



6-бет

ЕЛШІ САҒАТЫ

«Түркия мен Қазақстанның ынтымақтастығы жылдан-жылға нығаяуда», – дейді Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Лале Улкер 27 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінде оқыған «Елші сағаты» дәрісінде.



Сондай-ақ, ол: «Екі жақты ынтымақтастықтың нығайуына байланысты Қазақстан мен Түркия арасында экономика, мәдени және басқа да ғылыми салаларда ортақ жобалар көбейсе деген ойын жеткізді. Бұл ретте оны жүзеге асыруда «қазақ және түрік ғалымдарының үлесі зор болуы керек» деген пікірін айтты.

Дәріс барысында Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Садин Айиылдыз мырза, Түркия Республикасы Гази университетінің профессоры, кафедра меңгерушісі Йылдыз Насиле, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар департаментінің директоры А.Б. Смаилова, ҚазҰУ филология факультеті мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі, профессор А.Б. Салқынбай өзара кездесіп, пікір алмасты. Сонымен қатар кез-

десуге шығыстану факультетінің оқытушылары мен студенттері де қатысты.

Лале Улкер ханымның «Түркия және Қазақстанның 20 жылдағы дипломатиялық байланыстары» тақырыбындағы дәрісін студенттер мен оқытушылар үлкен қызығушылықпен тыңдап, көптеген сұрақ қойып, тыңғылықты жауап алды.

Халықаралық қатынастар департаментінің директоры Айжан Смаилова Лале Улкер ханымға алғыс ай-

тып, университет атынан естелік сыйлықтар тарту етті. Сонымен қатар, шығыстану факультетінің деканы, ф.ғ.д., доцент Б.Н. Жұбатова факультет атынан алғыс айтып, кітаптар сыйлады.

Д.С. ТАУБАЛДИЕВА,
шығыстану факультеті
ғылыми-инновация жұмысы
және халықаралық қатынастар
бойынша түркітану және үндітану
кафедра меңгерушісінің
орынбасары

Университеттің ғылыми-зерттеу, инновациялық жұмысы қаралды

2 сәуірде ҚазҰУ-дың тоқсан сайын өтетін кезекті ғылыми кеңесінің отырысы болды. Онда университеттің 2011 жылғы ғылыми-зерттеу, инновациялық жұмысы жан-жақты қаралып, таразыланған толық мазмұнды баяндама-есепті ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазанов жасады.

Проректор өткен жылға қорытындыны оқу орнының ғылыми-зерттеу мен инновациялық, зерттеу университетіне айналу тұрғысынан іске асқан ұтымды жобалар мен қолданысқа енген жұмыстарды атаудан бастады. 2011 жылы жалпы қаржыландыруы 1 180 475 300 теңгені құраған 272 жоба ғалымдардың атқаруымен жұмыс жасаған. Олар ҚР БЖҒМ, халықаралық қор мен ұйымдармен біріге отырып жасалғандар. Сондай-ақ, баяндама барысында университеттік технопарк қызметінің құрылымы таныстырылып, студенттік 8 бизнес-инкубатор, университеттің интеллектуалды клубы бар екендігін тілге тиек етті. Оның ішінде кейбірі бүгінде жаңа идеяларын ұсынса, кейбірінде қор құрылууда. Баяндама барысында оқу орнының жеткен жетістіктерін, 2012 жылы іске асуы тиіс міндеттерді нақтылады. Осы тұста арнайы құрылған Д.Камысбаев төрағалық еткен комиссия проректордың баяндама-есепін мақұлдап, университеттің патенттік-лицензиялық және инновациялық қызметті жақсарту мен рейтингтік жүйеде штаттықпен қатар қосымша қызмет етуші профессорларға да үстемасын қарастыру мен университеттің дамуына зор үлес қосып жүрген ғалымдарға «ҚазҰУ-дың профессор-кеңес берушісі» атты қызметті ұсыну сияқты өз шешімдерін ортаға салды.

Еңлік АҚЖІПТ

КІТАП

Режиссер феномені

Қазақстанда алғаш рет режиссер тұлғасы мен шығармашылығына мәдени-философиялық тұрғыдан талдау жасалған еңбек жарық көрді. Ол философия ғылымдарының докторы, профессор Молтобарова Күмісбала Ишанқызының «Режиссер Мәмбетов феномені» атты кітабы.

негізінде адам ең креативті, ең белсенді тұлға болып танылатын жаңа компонент жатыр. Өнер өмірдің көркем бейнесі ретінде қалыптастырылып, өнер тұлғасы мәдени үлгінің көшірмесі, әлеуметтік-мәдени жүйенің элементі ретінде қарекет етеді. Онда ол өзінің тең мағыналы формалардың көптілігі, мәдени шындықты конструкциялау ретінде көрсетіледі. Онда арнайы бөлінген әрбір уақыттық кезенді құндылықтық-мағыналық тұрғыдан толтыру маңызды болып шығады.

Өнерді, әсіресе, театрды бағалаудағы парадигмалық өзгерістер мен өнерді зерделеудің қазіргі жағдайларында театр өнерінде шығармашылық бастау күшеюде. Сондықтан да мәдени болмыстың әр түрлі саласындағы белсенді модернизация дәуірінде режиссердің көркемдік санасының эволюциясын дәстүр мен жаңашылдық негізінде уақыттық үзілген байланыстарды жалғау, өткен онжылдықтарда маңызы кеміген адамгершілік және рухани құндылықтарға қайта оралу тұрғысынан көрсету маңызды. Бұл маңыздылықтар жаңа кітаптың тұсаукесері барысында кеңінен айтылды.

Мұқан НҰРЗАТ,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының оқытушысы

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттері арасында «Ең үздік студенттік топ» байқауы жарияланған болатын. Бұл игі шараны білім-ғылымның форпосты атанған университетіміздің талантты да, дарынды студенттерін анықтау мақсатында «Сұңқар» студенттер кәсіподағы ұйымдастырды.

ЕҢ ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ТОП

Аталған байқаудың бірінші кезеңіне ҚазҰУ қабырғасында жинаған тәжірибелерін, білімдерін ортаға салып, бақтарын сынау үшін 2-3 курстың студенттік топтары қатысты.

Университетіміздің ректоры Ғ.М. Мұтанов студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытып, ұжымдық жауапкершілікті сезінуін басты назарға алатын бұл байқаудың өткізілуіне зор қолдау әрі үлкен қызығушылық танытты.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуында жастардың алар орны ерекше. Сондықтан, бүгін алғыр да жан-жақты студенттердің мемлекет, қоғам және университет өміріне белсене араласуы – уақыт талабы. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ең үздік студенттік тобы» байқауын өткізудегі негізгі мақсат студенттерді әлеуметтік белсенді тұлға ретінде тәрбиелеп, олардың қоғамдағы азаматтық белсенділігін қалыптастыру.

Байқаудың I кезені наурыз айының 29 жұлдызында факультет ішінде өткізіліп, 13 факультеттің озып шыққан 13 студенттік тобы анықталды. Студенттердің жалпы оқу үлгерімі, ғылыми, мәдени және қоғамдық шаралардағы белсенділігі, өзін-өзі басқарудағы ұйымдастырушылық қабілеттері сыналатын дода үш деңгейде өткізілді. Әр деңгейдегі студенттік топтардың қабілеті шындалатын қызықты тапсырмалар байқау барысында берілді. Дода оқу жылының соңына дейін жалғасып, студенттердің уақыттарын қызықты әрі

пайдалы іске жұмсауына септігін тигізеді.

Байқау барысында студенттік топтардың тапқырлығы, білімділігі және ұйымдастырушылық қабілетін жоғары деңгейде көрсетуі – қатысушыларға қойылатын басты талап. Байқау талаптарын мұлткіз орындап, ректорат өкілдерінен, деканат қызметкерлерінен, студенттердің университеттегі және факультеттегі өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенділерінен құрылған арнайы комиссияның жоғары бағасын алған топ «Қазақ ұлттық университетінің ең үздік студенттік тобы» атанады. Ол үшін оқу жылының соңына дейін осы іріктелген 13 топтың барлық көрсеткіштері назарға алынып, университет деңгейінде жалғасын тауып, оқу жылының соңында он үштен озып шыққан дара-үздік топ анықталмақ.

Жүзден жүйрік шыққан топ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихында «Ең алғашқы үздік студенттік топ» атағын иеленіп, Қазақстан Республикасының Парламент депутаттарымен кездесу мәртебесіне ие болады.

Биылғы оқу жылынан бастап дәстүрге айналатын «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ең үздік студенттік тобы» байқауы университетіміздің ең үздік жобасына айналмақ.

Ғазиза ҚАНИЕВА,
Айгерім ЖАНЫҚҰЛОВА,
«Сұңқар» студенттер кәсіподағының мүшелері

БАЙҚАУ



Автордың КСРО және Қазақ КСР Халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық қаһарманы, профессор Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетовтың 80 жасқа толуы қарсаңында және «Алматыдағы мәдениет жылы» аясында жарық көріп отырған кітабының тұсаукесері «Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді басып шығару» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұлға есімін ел тарихында қалдыру мақсатында 30 наурыз күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінде дінтану және мәдениеттану кафедрасының ұйымдастыруымен өтті.

Тұсаукесер аясында режиссер туралы фотокөрме ұйымдастырылып, Қазақстанның көрнекті мәдени қайраткерлері КСРО және Қазақ КСР Халық

әртісі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов, ҚР Халық әртісі Есмұхан Обаев және Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор Ақтолқын Құлсариева, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Қансейт Әбдезұлы, философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова, дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Айнұр Құрманалиева және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың басқа да профессорлары қатысып, Әзірбайжан Мәдиұлының еңбегіне тоқталды.

Қазіргі заманауи жағдайда мәнісі – жаңа парадигма қалыптастыру болып табылатын жаңа мәдениеттанушылық мақсат туындап отыр. Оның

Саулыққа бастайтын ғылыми семинар

Жақында биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасына қарасты «Хронобиология» орталығы студенттер арасында «Онкологиялық аурулардың алдын алу» тақырыбында кезекті ғылыми-тәрбиелік маңызы бар семинар өткізді.

Ғылыми семинар онкологиялық аурулар туралы студенттердің білімін арттыру мен бұл аурудың қаншалықты қауіпті және қазіргі уақытта кеңінен таралып отырғанына тағы да бір назар аудартып, онкологиялық аурулардың алдын алу бойынша жұмысты жақсартуды мақсат етті.

Семинарға «Хронобиология» орталығының басшысы б.ғ.д., профессор Сұлтан Төлеуханов, биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушы-доценттері А.Б. Еланцев, С.С. Маркеева, А.А. Маутенбаев, М.С. Құлбаева, Г.Қ. Атанбаева және студенттер қатысты.

Зерттеуші-ғалымдардың деректері бойынша, елімізде жылына 30 мыңнан астам адам обырдың құрығына ілінеді екен. Соның тең жартысы, дәрігерге кешігіп келгендіктен ажал құшатын көрінеді. 2009 жылы алғашқы рет Қазақстанда қатерлі ісік ауруларына шалдығушылық қан айналым жүйесі ауруларынан кейін екінші орынға шықты. Қазақстанда жылына 15000 адам обырдан көз жұматын көрінеді.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта қатерлі ісік ауруларының пайда болу себептері белгілі болды, бұл жаңа оқиғалардың шамамен үштен бірінің алдын алуға мүмкіндік береді. Қатерлі ісік ерте кезеңде анықталған жағдайда, емдеу сәтті өтуі мүмкін.

Обырды ерте анықтауды жақсарту да онкологиялық аурулармен күресуде негізгі жайт болып табылады. Халықтың ақпараттандырылу деңгейі мен медициналық сауатын арттыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында онкология мәселелерін барынша кеңінен жариялау қажет. Обыр неғұрлым ертерек анықталған болса, оны емдеу үміті соғұрлым көбірек болады. Дамыған елдерде обырдың тері, жатыр мойнағы, сүт безі, қуықасты безі, жуан ішек обыры сияқты түрлерінен болған өлім-жітімді төмендету тұрғындарға жаппай скрининг өткізу бойынша мамандандырылған бағдарламалардың нәтижесі болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев биылғы Жолдауында онкологиялық диагноздан болатын өлім-жітімді азайту мәселесін алғашқы кезекке қойды.

Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан «Саламатты Қазақстан - 2011-2015» мемлекеттік бағдарламасы мен Президенттің биылғы тапсырмасына сәйкес, онкологиялық жәрдемді дамыту бағдарламасы жасакталса, еліміз бойынша аталмыш дерттің саны азайтыны сөзсіз. Әр адам өз денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауы керек. Өзін-өзі күтіп, мезгілімен дұрыс тамақтанса әрі ішімдік ішу мен шылым шегуден аулақ жүрсе, ондай адамға аурудың қай түрі де жоламайды. Ол



үшін салауатты өмір сүру салтын сақтап, спортпен айналысу керек. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, әр адам ауырып емес, ауырмай тұрып алдын ала дәрігерге қаралуы тиіс. Сонда ғана қоғам ауру-сырқаудан тазарып, салауатты өмір салтанат құрады.

Сөз соңында жастарға обыр құрығынан сақтану үшін алдын ала тексеріліп тұрған жөн екендігін және бір мәрте ескертеміз. Аты жаман аурудың алғашқы белгілеріне төмендегі құбылыстар жатады: бүкіл ағзаның жалпы әлсіздігі, тәбеттің болмауы, ұйқының жоғалуы, шаршағандық, іштің қатуы, жүректің айнуы, ауыздың құрғақтануы, буындардағы, арқадағы, асқазандағы аурулар, бастың жиі айнуы, ұмытшақтық, есінен танып қалу, кенеттен салмақтың жоғалуы.

Көптеген адам бұл белгілерді әлсіздік пен шаршағандық деп ойлауы мүмкін. Бірақ, әрдайым денсаулыққа салғырт қарауға болмай-

тының есте сақтаған жөн. Мұндай белгілердің бірнешеуі анықталған кезде дереу дәрігерге бару қажет.

Обырдың бірінші белгілері аурудың даму үрдісі ертеректе басталғанын білдіреді, ал бастың айналуы, салмақтың жоғалуы және белсенділіктің төмендеуі сырқаттың үшінші кезеңін бейнелейді. Бірінші белгілер пайда болған кезде уақытты кетірмей, міндетті түрде флюорография, рентген, УДЗ және эндоскопиялық зерттеу жасау қажет. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) Онкологиялық ауруларды зерттеу халықаралық агенттігінің (IARC) сарапшылары осындай қорытынды жасап отыр.

Н.Т. АБЫЛҰХАНОВА,
биофизика мен биомедицина кафедрасының оқу-әдістеме және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары, б.ғ.к., доцент

ТАНЫМ

Ашық есік

Химия және химиялық технология факультетінде қазіргі таңда арман қуған қанаттары асқақтаған, мұрат күресі жолында үлкен биік шыңдардан көрінгісі келетін студенттер өте көп. Факультет қабырғасына келген күннен-ақ оларды «қандай ғылыми бағытта, қай ғылыммен өзінің ғылыми жұмыстарын жүзеге асырсам екен» деген ой мазалауы әбден мүмкін... Осындай көп сұраққа әрбір кафедрадан жауап таба алатын әр семестр сайын өтетін дәстүрлі іс-шара, ол - кафедраның «Ашық есік күні».



жарты жылдық білім алып, елімізге сертификатпен оралған 2 курс ОЗХТ және БЗХТ мамандығы студенттерінің презентациясымен толықты.

Кафедра профессорлары Қ.Ж. Қайырбеков, Х.А. Суербаев, А.К. Оспанова, Е.А. Әубәкіров, Г.А. Сейілханова, Д.Н. Ақбаева, Ж.Х. Ташмұхамбетова, Ж.Т. Ешова, Л.И. Сыздыкова, А.К. Жүсіпова және басқа да оқытушылар студенттерге ғылыми бағыттары мен алдағы уақыттардағы жоспарлары жайлы ой бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Кафедра меңгерушісі профессор М.К. Алдабергенов дипломдық жобаларын жасауға келген студент-магистранттарға қолдау болатындығы және бизнес-инкубаторды қалыптастыру мақсатында «Фотовальтайка» (күн энергиясын электр тоғына айналдыру) жобасының қазіргі таңда жүзеге асып жатқандығын айтты. Сонымен қатар, ол: «Кафедрамыздың 2 курс студенті Кенес Қайрат үздік үлгерімі үшін биыл Ә.Б. Бектұров атындағы

стипендияны иеленіп отырғанындай, алдағы уақытта тағы да атаулы стипендияның көзін қарастырамыз. Айта кету қажет кафедрада Белоруссия, Санкт-Петербург ғалымдарымен бірге жүзеге асыратын ғылыми жобалар бар. Қазіргі таңда Оңтүстік Кореямен радиоактивті қалдықтарды сақтау орталығын жасау және «ҚазМұнайгаз» компаниясымен мұнайдан май алу үшін технопарктер салу мақсатында келісімшартқа отыру өз шешімін таппақ. Біз оқытушы-профессорлар құрамы білімді де білікті, тәрбиелі де өнегелі шәкірттер тәрбиелеп жатырмыз және соған өз күш жігерімізді саламыз», - деп қорытындылады.

Бұл кештен студенттер кафедрамен толықтай дерлік танысып, алдағы уақытта дипломдық жобаларын, ғылыми жетекшісін, яғни кафедрасын таңдауға кеңес алды.

Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
физикалық химия, катализ және мұнайхимиясы кафедрасының аға оқытушысы

ФОРУМ

Форумға еліміздің әр облысынан талапкерлер хабарласып, жүздеген оқушы журналист болуға қызығушылық байқатқан. Бүгінгі форумға дейін талапкерлер ақпанаурыз айларында шығармалар байқауында іріктелінген. Осылайша, 85 талапкер арасынан іріктеліп, 11 облыстан келген 15 жеңімпаз анықталған. Форум қатысушылары да солар. Жеңімпаздар форум аясында қара шаңырақпен танысты. Форумның мақсаты да талапкерлердің шығармашылығын

нып оқушысы, т.б.) журналистика факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Ә. Құрманбаева табыс еткен арнайы дипломмен марапатталды. Форумда сөз алған журналистика факультетінің профессоры Қ. Тұрсын, доцент М. Сағатбек, аға оқытушы Д. Смайыл, А. Сәдуақасовтар талапкерлерге сәттілік тіледі.

Қай ғасырда болмасын журналист халықтың жоғын жоқтап, мұның бірге шағысады. Сондықтан, аға

«Журналист болғың келе ме?». Бұл тақырыптық сұрақ 29 наурыз күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті және «Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті бірлесе ұйымдастырған жас тілшілер форумына арқау болды.

ЖАС ТІЛШІ КҮӘЛІГІН АЛАДЫ

дамытуға мүмкіндік беру арқылы оларға журналистика факультетін таныстыру болатын.

«Журналист болғың келе ме?» атты жас тілшілер форумының жеңімпаздары Серік Қантаев (ШҚО, Тарбағатай ауданы, Жанауыл ауылы, К. Ақытов атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы), Мадина Сабырғалиева (Қостанай облысы, Аркалық қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназиясының 11 сынып оқушысы), Алтынгүл Сансызбай (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, 11 сынып оқушысы), Жібек Құлмұқа (Алматы облысы, Райымбек ауданы Жәмеңке орта мектебінің 11 сы-

буын өкілдері жеңімпаздарға «бұл форум журналистік өмірдің бастамасы ғана, алдағы уақытта журналистика факультетінің қабырғасынан үлкен өмірге қанат қағады» деген үміт артты. «Оқуға түсуші талапкерлерді қолдау мақсатында өтетін форумға биыл 4-ші жыл. Дәстүрге айналған форумның алғашқы қатысушылары бүгінде университетіміздің 3 курс студенттері», - деді «Ұлан» газетінің бас редакторы Есей Жәнісұлы. Сондай-ақ, ол жеңімпаздар «Ұлан» редакциясымен танысатындығын және оларға «Жас тілшілер күәлігі» тапсырылатындығын айтты.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ТӘЖІРИБЕ

СТУДЕНТТЕР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН АЛҒЫС ХАТПЕН ОРАЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінің 4 курс 405 топ студенттері Махатма Ганди атындағы Дарынды балаларға арналған № 92 мамандандырылған мектеп-лицейінде 2012 жылдың 30 қаңтарынан 10 наурызына дейін педагогикалық практикадан өтті.

Олар практиканың алғашқы күндерінен-ақ мектеп директоры, физика пәні секциясының жетекшісі Ерұлан Жиенбаевтың және физика пәні мұғалімі Әубәкір Ізгіжанның және мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қасымбай Шыңғыстың қамқорлығы және басшылығымен сабақтар беруді бастады. Мектеп өміріндегі жүргізіліп жатқан іс-шараларға ерекше белсенділікпен, қызығушылықпен атсалысып кетті. Студенттеріміз 7-11 сынып оқушыларына физика пәнінен сабақтар өткізіп, Назарбаев мектебімен on-line сабағын жүргізді.

Мектепте өткен жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік іс-шараларға бір кісідей қатысып, белсенділік танытты. Мектеп оқушыларымен театр, мұражай және көрмелерге барды. Әр түрлі тақырыптарда тәрбие сағаттарын өткізді. 7-10 сынып оқушыларымен физика пәні олимпиадасын, 9-10 сыныптары оқушылары арасында спартакиада өткізіп, «Кім жүйрік?»

эстафета сабағын жүргізді. «Физика және адамзат» кешін өткізді. «21 ғасыр көшбасшысы» атты on-line режимінде жарыс-сабақтарын берді.

А. Ахметова, А. Мансұрова, Б. Әбдукәдіров, Б. Жами, Н. Жапашов сынды студенттеріміз «Intel-Қазақстандағы болашақ үшін оқыту» курсы менгерді. Intel негізгі білім беру курсы бізге заманауи білім беру мақсаттарына жетуде инновациялық педагогикалық және ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін пайдалануға көмектеседі. Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыхалқы міндетті стандартында анықталған негізгі құзыреттіліктер білім беру нәтижелері сияқты ЮНЕСКО құжаттарында көрсетілген білім берудің іргелі мақсаттары мен міндеттеріне және аталмыш курста мәлімденген ХХІ ғасыр адамының біліктіліктері мен сапаларына сәйкес келеді. Жобалау әдісін қолдана отырып оқыту оқу жобалары шынайы

өмір мәселелері контекстінде әр түрлі мектеп оқулықтарының арасындағы байланысты бақылауға, негізін салушы идеялармен жұмыс жасаудың арқасында оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау біліктіліктерін дамытуға, оқушыларды белсенді оқу үдерісіне тартуға ықпал етеді.

Мектеп оқулықтарын оқып-үйрену үрдісінде жалпылықты, ерекшелікті, бірлікті біріктіру өте маңызды. Осы философиялық категориялардың арасындағы тиімді баланс – педагогтың жоғары шығармашылығының айқындалуы. Жалпы білім беру жүйесі дамытып отырған пәндік құзіреттіліктердің ең маңызды деңгейлерінің бірі – әдіснамалық құзіреттілік деңгейі. Бұл деңгейде оқушылар пәнді басқа пәндермен өзара байланыстылықта көру біліктілігі, оқу немесе өмірдің әртүрлі мәселелерін шешуде пәнді жетекші теорияларды, кілттік тұжырымдамаларды, базалық прин-



циптерді білу, түсіну және қолдана білу біліктіліктерін дамытады.

Студенттеріміздің осы практикаға жоғары білімдері мен дайындықпен келгеніне дән риза болған мектеп директоры Е. Жиенбаев университетіміздің ректоры Ғ.М. Мұтановқа және физика-техника факультетінің деканы Б.А. Әлиевке, осы топтың әдвайзері және практика жетекшісі, студенттердің басым көпшілігінің ғылыми жетекшісі Н.Ә. Бейсенге алғыс хат жолдады.

Сонымен қатар, мен де өз шәкірттеріме практикадағы және оқудағы жетістіктеріне ризалығымды білдіре отырып, бұдан ары қарай өз білімдерін ұштай отырып, қашанда ғылымның, білімнің қасиетті қарашанырағы ҚазҰУ-дың туын жоғары ұстандар дегім келеді.

Нұрзада БЕЙСЕН,
физика-техника факультеті,
теориялық және ядролық
физика кафедрасының
доценті

СОТРУДНИЧЕСТВО

Сокровища палеолита

У Института археологии и этнографии Сибирского отделения Российской академии наук (СО РАН) и Казахского национального университета им. аль-Фараби давние традиции сотрудничества. Двум аспирантам института представилась возможность посетить КазНУ и ознакомиться с археологическими коллекциями многочисленных артефактов, хранящихся в фонде музея палеолита.

Палеолит Казахстана — очень важная страница древней истории обширного региона Центральной Азии и примыкающих к ней районов Южной Сибири. Сходства и различия в каменном инвентаре стоянок древнего человека могут рассказать о путях первых миграций, связях и культурных особенностях этих территорий во времена, удаленные от нас в прошлое на десятки и сотни тысяч лет. История, тем более настолько древняя, не имеет границ, поэтому интерес к памятникам палеолита Казахстана у сибиряков, японцев или европейцев вполне обоснован.

Совместная Российско-Казахстанская экспедиция, работавшая в конце 90-х — начале 2000-х годов, открыла многочисленные местонахождения эпохи палеолита в Мугоджарских горах, Северном Приаралье, на северо-восточном склоне хребта Малый Каратау. В эти годы на территории Южного Казахстана проводилось изучение памятников Коскорган и Шоктас, имеющих стратиграфический контекст. Накоплен огромный материал, который требует тщательного изучения, осмысления и опубликования.

Известный ученый-археолог Казахстана, декан факультета истории, археологии и этнологии КазНУ Жакен Таймагамбетов был одним из последних учеников основателя сибирской археологической школы А.П. Окладникова. Во время встречи с ним мы с интересом слушали его впечатления

о работе в экспедициях и общении с сибирскими археологами, как специалист поделился своим мнением по палеолиту Каспийско-Аральского региона, который входит в сферу моих профессиональных интересов. Археология, по сути — очень романтическая наука — полевые сезоны, новые места, люди, открытия. Ему удалось собрать в одном месте коллекции 50-60-х годов, материалы А.Г. Медоева, Х.А. Алпысбаева, новые находки, сделанные на территории Казахстана в последнее время. В этом царстве палеолита мы провели две недели. Это обогатило наши знания, позволило ознакомиться с фактическим материалом, что-то понять и открыть для себя новое.

Камень — очень специфическая наука. Для несведущего человека он порой мало отличим от побитой рекой гальки. Специалисту каменный артефакт может рассказать целую историю от момента, когда древний мастер выбрал себе сырьё, увидел в обычном желваке прообраз будущего орудия, до момента, когда предмет был выброшен или оставлен на стоянке. Умение читать камень приходит с опытом и годами, сезонами археологических раскопок, детальным изучением коллекций. Но даже нам, еще не совсем профессионалам, знакомство с коллекциями археологического фонда КазНУ позволило сделать несколько интересных открытий.

Фонд университета обладает уникальным материалом. Обширные коллекции Мангышлака,

Северного Прибалхашья, Каратау ждут своего часа исследователя. Некоторые представления о палеолите этих территорий нуждаются в переосмыслении, ревизии и корректировке просто потому, что на данный момент изменилась методологическая база науки. Так, на мой взгляд, сборы Х.А. Алпысбаева с местонахождений Борыказган и Танирказган были незаслуженно исключены поздними исследователями из числа ашельских комплексов Средней Азии. Да, по большому счету, здесь лежит не одна диссертация, монография, не говоря уже про статьи.

В палеолите — свои сокровища и свои тайны, и они могут быть не менее интересными, чем золотое и серебряное искусство более поздних эпох. В любой науке главное — люди, которые ее делают, живое общение, обмен мнениями, споры. Камень не многословен, может быть, поэтому палеолитчики всегда готовы к диалогу и обсуждению.

В день нашего приезда Алматы встречал нас снегопад. Уезжали мы в хмурый, еще не весенний день. «Это новосибирцы привезли нам такую погоду», — слышали мы. Но, в КазНУ было особое тепло. Великолепие студенческого городка, расположенного в живописном месте, иссякало положительную энергию, здесь мы не чувствовали усталости. Теперь ждем вас в гости к нам, в Новосибирск, в Академгородок, привозите тепло, будем только рады. И спасибо за гостеприимство, за помощь в работе и радушный прием. Сау болыныздар.

Максим КОЛТАШОВ,
аспирант Института археологии и этнологии СО РАН

АШЫҚ САБАҚ

ТӘРБИЕ БАСЫ – ТІЛ

Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне деген құрметін арттыру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан ауғандық студенттер мен оралман тыңдаушы жастардың қатысуымен, осы факультет ұстаздарының ұйымдастыруымен жақында жатақханада «Тәрбие басы – тіл» атты тәрбие сағаты өтті.

Ауғанстандық тыңдаушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін айқындайтын «Брейн-ринг» жүйесінде құрылған «Мақал-мәтел — сөз мәйегі» атты білім бәсекесі 3 кезеңге негізделіп ұйымдастырылды. 1-ші кезеңде шетелдіктер тіл тақырыбына қатысты мақал-мәтел айтып жарысса, 2-ші кезеңде үлеспелі материалдарды пайдалана отырып, мақал-мәтелдерді толықтыру, ал 3-ші кезеңде тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын бір сөзбен түйіндеу шеберліктерін байқатты. «Брейн-ринг» сайысында 1-ші орынды Ахмади Ахмад Решад жеңіп алса, 2-ші орынды Мозаммел Мохаммад Замир, 3-ші орынды Ниязи Башир, ал ынталандыру жүлдесін Аджизи Рамин иеленді.

Тәрбие сағатында Қазақстанға келіп, қазақ тілінде білім алып жатқан ауғандық студенттер Лутфи Тарик, Асгар Дауд, Шамсуллалар елімізге деген, тілімізге деген құрметін мемлекеттік тілде Абайдың, көрнекті қаламгер ақындарымыз С.Торайғыровтың, Қадыр Мырза-Әлінің, Т.Молдағалиевтің, жырларын мәнерлеп жатқа айтумен қатар, қысқаша қойылымдар көрсету арқылы білдірді. Шетелден келген қандастарымыз ана тілімізге арналған салтанатты шарада өз өнерлерін ортаға салды. Атына заты сай көрікті де алғыр аруымыз Талант Байахметқызы бағдарлама жүргізді. Айқын Ербол мен Жанар Жұмақын әсем әнмен құлақ құрышын қандырса, Нұрдәулет Т. Молдағалиевтің «Ана тілі» жырын нақышына келтіре мәнерлеп айтты. Ал жас ақын Сапа Қали осы салтанатты жиынға арнайы жырдан шашу ала келіпті. Ол өз шығармашылығындағы «Тіл туралы» атты жана толғауын домбыраның сүйемелдеуімен орындап берді. «Түсінсем, бұйырмасын», «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты қойылымдар Накибулла, Ғұлам және Канбари Мустафа, Мохсини Реза, Нури Сулайман, Левал Массих секілді ауғандық шәкірттердің тіл тапқырлығын, ой ұшқырлығын көрсетсе, «Шұбар тіл», «Базардағы беседа (сұхбат)» атты қойылымдар күнделікті өмірден алынған тілдік жағдаятты суреттейді.

Тіл — әлемнің, бар жаһанның есігін ашатын сиқырлы құрал, ғажайып кілт. Сондықтан да парасатты да білімді боламын деген адам тіл үйренуі керек. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен елімізде «Үш тұғырлы тіл» саясаты көтеріліп, қазір Қазақстандағы білім беру жүйесі осы бағдарламаға сәйкестендіріле жүргізіледі. Қазақ тілі — өте көркем, түркі сипатын сақтаған таза, бай тіл. Ал біз, бүгінгі ұрпақ, келер буынға, болашаққа осы асыл ана тіліміздің байлығын, сұлулығын, тазалығын сақтап саф күйінде жеткізуге міндеттіміз. Бұл — біздің басты парызымыз. Мемлекеттік тіліміздің мерейін өсіріп, мәртебесін нығайта түскен салтанатты жиындар мен игі шараларға ұлты өзге болса да шетелдік студенттердің атсалысуы — жүректе жылы із қалдыратын ізгі қадам.

Р.Т. НАРӘЛИЕВА,
Г.А. ТАСТЕМІРОВА

СЫЙЛАСТЫҚ ПЕН ТӨЗІМДІЛІК



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында түрлі тақырыпта танымдық, тәлім-тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған. Кафедраның оқытушылары мен тыңдаушылары арасында «Дін және тәрбие» мәселесіне арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге философия және саясаттану факультетінің философия және дінтану кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы Бейсенов Бағдат Қайболданұлы арнайы шақырылды.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында «Тәуелсіз Қазақстан: Бейбітшіліктің, Келісімнің және Жасампаздықтың 20 жылы» тақырыбында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы далада әлемдік дәстүрлі діндер өзінің бейбітшілік рухын ұялатты деп мәлім еткен болатын. Дін – адам баласының өміріндегі өзекті мәселелердің бірі. Адамзат баласының өмірінде діннің тәрбиелік маңызы зор. Осы өткен алқалы жиын да студенттерге адалауға жөн сілтеп, сауаттандыра түсті.

Дөңгелек үстелдің арнайы қонағы, ф.ғ.д. Б.К. Бейсенов дәстүрлі діндер мен діни ұйымдар,

өзара сыйластыққа, түсіністік пен төзімділікке шақыратын діннің жалпыадамзаттық тәрбиелік құндылығы, мемлекетіміздегі білім ошақтарында берілетін зайырлы тәрбие туралы дәріс оқыды. Осы ретте зайырлы оқу орындарында берілетін зайырлы тәрбие елжандылыққа, яғни елін, жерін құрметтеуге, көпұлтты, көпконфессионалды кеңістікке араласуға дайын тұлға қалыптастыруға бағытталғандығы аталды. Сонымен қатар тыңдаушыларға қазіргі таңдағы түрлі діни ағымдар мен ұйымдар туралы, олардың теріс әрекеттері туралы егжей-тегжейлі түсіндіріліп, жастарымыздың осы мәселеде діни сауатты болу керектігіне назар аударылды.

Дөңгелек үстелге қатысқан кафедра ұстаздары, оралман және ауған тыңдаушылары осы тақырып төңірегінде ойларын ортаға салып, өздерін мазалаған сұрақтарға қанағаттанарлық жауаптарын алды. Іс-шара 26-топ тыңдаушысы Байтақ Ботагөздің орындауындағы «Кейбіреулер» атты термемен өз мәресіне жетті.

Дөңгелек үстелдің әрбір тыңдаушыға рухани әсер қалдырар танымдық, тәлім-тәрбиелік игі ықпалы зор болды.

Ж.Т. АБДУЛЛАЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының
аға оқытушысы

БАҒДАР

БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕР ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Әдетте, қалыптасқан дәстүр бойынша бітірушілерге кәсіптік білім алу да бағыт-бағдар беру жұмысына университеттің оқытушы-профессорлар құрамы қатысатын. Биыл алғаш рет заң факультетінің білім алушы бір топ студенті, мектеп бітірушілерге білікті жоғары білім алу ісінде бағыт-бағдар беру мақсатында 176 мектепке барып, оқушыларымен кездесіп қайтты.

Куратор-эдвайзер топ студенттерінің білім деңгейінің жоғарылығын әрі жан-жақтылығын, деректерді (жағдайды) талдап, сараптау, оны еркін баяндау және жеткізу қабілетінің дамығандығын ескере отырып жыл сайын кәсіптік білім беру бағытында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына топ студенттерінің бір бөлігін қатыстыруды дұрыс деп тапты. Ондай шешімге келуге тиісті үгіт-насихат жұмысына әдеттегідей білікті, ғылыми мамандардың ғана емес, ҚазҰУ-дан білім алып, ғылым, білім нәрімен сусындаған өнім, ҚазҰУ-заң факультетінде берілетін білім сапасының көрсеткіші – студенттердің өздерінің де қатысуы бітіруші-оқушыларға әдеттегіден өзгеше әсер қалдыратыны арқау болды.

Университет пен тиісті мектептің арасында жасалған шарт негізінде осы жылдың 6 наурызында жылдық кураторлық жоспарда белгіленген тиісті шараны жүзеге асыру мақсатында топ кураторы А.Ж. Жарболова, заң факультетінің доценті Д.Ө. Құсайынов және топ студенттері: Б. Фазылова, Н. Шайнұсипова, М. Қыдырбаева және А. Қашкынбаев ҚР Президенті бастауымен құрылған №176 мектепке барды. Топ кураторы бітіруші сынып оқушыларына бүгінгі таңда мамандық және сол мамандықты даярлайтын білім орнын таңдау адам өміріндегі негізгі, маңызды

шешім болып табылатындығын түсіндірді. Себебі ертенгі күнгі рухани да материалдық сәттілігің, мемлекеттің, қоғамның дамуына қосар үлесің, ақыр аяғы болашақ көңіл-күйің таңдаған мамандығыңа, біліктілігіңе тікелей байланысты. Куратор-эдвайзер және заң факультетінің оқытушысы – доцент Д.Ө. Құсайынов тек мамандық ғана емес, сол мамандықты игеруді ұсынатын білім беру орнын, білім алу қайнарын таңдауға аса үлкен назармен, үлкен байыппен қарау керектігіне тоқталды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен оның заң факультеті туралы, заңгер мамандығын нақ осы университетте игерудің артықшылықтары туралы, жалпы университетті қоса заң факультетінің жетістіктері туралы, сондай-ақ заңгер мамандығын таңдаудың маңыздылығы туралы топ студенттері баяндады.

Студенттер бітіруші сынып оқушыларына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздегі ЖОО көш басшысы, білікті мамандар даярлау ордасы болып табылатындығын баяндады. Әлемдік университеттер сапындағы жетістіктері айтылды. Университетте үздік студенттерді қолдау мақсатында жасалынып жатқан әлеуметтік қолдаулар да оқушыларға егжей-тегжей түсіндірілді. Факультет оқытушысы М. Қыдырбаева заңгер мамандары арқылы жалпы қоғамның құқықтық білімін, құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын көтеру мүмкін болатынына, ал ол Қазақстанды құқықтық мемлекет ретінде орнықтырудың негізгі алғышарты болып табылатындығын айтты.

Айгерім ЖАРБОЛОВА,
заң факультетінің мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы, конституциялық және
әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

Әңгіме арқауы – Елбасының Жолдауы

Тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары Қ.С. Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, А.Т. Ахметжанова, Г. Әбікенова, А.М. Оразбаева және PhD докторант Ж. Құмғанбаев №10 жатақханада Елбасының Қазақстан халқына арналған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы бойынша жиын өткізді.

Профессор Қ.С. Қаражан Жолдаудың мазмұны, ондағы Президент белгілеген 10 бағыт бойынша айтып, оларға жеке-жеке тоқталды. Аға оқытушы С. Смағұлов Елбасы Жолдауындағы Қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастар жөніндегі ой-пікірлеріне тарихи тұрғыдан түсінік беріп, кеңейтіп айтып берді. Сонымен қатар кафедраның тарихы және бүгінгі күнгі тыныс-тіршілігі мен жұмыс бағыттары туралы мәліметтер беретін слайд-презентация өткізілді. Студенттер тарапынан өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша көптеген сұрақ қойылып, оларға баяндамашы оқытушылар

тарапынан толыққанды жауап берілді. Әсіресе, 3 курс студенттері Қажымұрат Төлегенұлы, Ғалым Сейсембаев, Қайрат Қожанов, Фархад Лебаев, 2 курс студенттері Көркем Рақымғалиева, факультеттің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Динара Кәрімова белсенділік танытты.

Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер, әсіресе адам капиталға қатысты сапаның артуы, оның ішінде білім сапасына қатысты мәселелер көп қозалды. Осы Жолдаудың мән берерлік тағы бір маңызды мәселе тәрбие беру ісіне байланысты. Жастардың ұлтаралық татулық дегенді ұғынып, ұлттық, қоғамдық құндылықтардың бағамын жете біліп, заңға бағынуы – аса қажетті дүние. Ойымызды түйіндей келе айтарымыз – бұл ұстаздар мен студенттердің бас қосып, қоғамымыздағы өзекті мәселелер бойынша өзара пікір алмасуы көкейде жүрген көптеген мәселелерге бірлесіп жауап табуға себепкер болды.

С. СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушысы

ПЕРСПЕКТИВЫ

Сегодня в мире активно идут интеграционные процессы, а интернационализация образования позволяет получать знания не только в своей стране, но и за рубежом. Быть лидером в своем отечестве и выдерживать конкуренцию с ведущими вузами мира – задача не простая, требующая кропотливой работы и постоянного прогрессивного движения вперед. Поэтому КазНУ им. аль-Фараби взял курс на трансформацию в современный исследовательский университет. Это должно придать мощный импульс дальнейшему развитию вуза, повысить уровень качества предоставляемых услуг с учетом международных стандартов, занять достойное место в мировых рейтингах университетов.

Трансформация – путь к успеху

Задачи, стоящие перед коллективом КазНУ, сложны и амбициозны, но вполне осуществимы. Первый год работы после кардинальных преобразований показал, что вузу с мощнейшим научным потенциалом, налаженными международными связями, богатыми традициями и преемственностью поколений многое по плечу.

В свете происходящих реформ в прошлом году прошло укрупнение кафедр на факультетах. Впервые открыто проведенный конкурс на должность заведующих кафедрами позволил определить руководителей, обладающих авторитетом, стратегическим видением и умением объединять вокруг себя коллектив для решения поставленных задач.

Кафедра экономики, которая образовалась в результате объединения кафедр экономической теории и макро- и микроэкономики, является, пожалуй, одним из лучших примеров правильности выбранного курса руководством вуза. Объединение позволило сконцентрировать научный и образовательный потенциал, повысило конкурентоспособность кафедры и способствовало формированию корпоративного духа.

Кадровый состав преподавателей кафедры заметно усилился. Сегодня успешно передают знания и опыт студентам профессора У.А. Имамбаева и Т.С. Сарбасова, доктора экономических и физико-математических наук Б.М. Мухамедиев, Е.Б. Жатқанбаев, С.С. Оспанов, Л.С. Спанкулова, Ж.Я. Аубакирова, К.Б. Дауылбаев, доценты Х.К. Сабитова, Н.Ш. Альжанова, М.К. Байгисиев, З.Ш. Айтуганова, О.В. Бордоусов, А.А. Ережепова, Л.Н. Махмеджанова, Ж.Т. Бейсембаев, А.Б. Айтөмбетова, Е.Н. Сидоренко, за ними идет плеяда молодых преподавателей, которые активно участвуют в научной и общественной жизни университета и факультета.

Кафедра успешно реализует индикативные планы по всем направлениям. Ведется работа по внедрению в учебные планы дисциплин на английском языке. Кафедра экономики первой на факультете открыла специальность в магистратуре с обучением на иностранном языке, что является важным фактором, влияющим на общие позиции университета в международных рейтингах.

Научная жизнь реализуется через участие в международных научных проектах, семинарах и симпозиумах, публикации в сборниках научно-практических и методических конференций. В этом направлении при кафедре работают два студенческих кружка, проводятся круглые столы, дебаты и конкурсы. Студенты кафедры являются обладателями именных стипендий, магистранты и докторанты проходят стажировку в зарубежных вузах.

Кипит и воспитательная работа. Кураторы-эдвайзеры помогают студентам в решении учебных и бытовых вопросов, организуют и проводят праздники, творческие и спортивные мероприятия. Стоит отметить, что активное участие студентов кафедры в общественной жизни позволило им войти в руководящий состав органов самоуправления университета.

Подводя итог, можно сказать, что процесс трансформации, который продиктован глобальными трендами, дает положительный эффект. Кафедра экономики, реализуя поставленные перед ней задачи, вносит свой вклад в общее дело. Уверен, что слаженная работа коллектива университета позволит достичь новых высот и КазНУ займет достойное место в ведущей когорте топ-вузов мира.

Даурен АСКАРОВ,
доктор PhD, кафедра экономики ВШЭиБ

СУПЕР СТУДЕНТ

САЛТАНАТ - НАҒЫЗ КӨШБАСШЫ

Дана Абай: «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» дегендей шығыстану факультетінің 3 курс студенті, Президенттік шәкіртақы иегері Салтанат Тастанбекова мектебін үздік нәтижемен аяқтап, «Алтын белгі» иегері атанып, 2009 жылы ҚазҰУ-ға шығыстану мамандығы бойынша оқуға түсті.



Ол әрқашан сабаққа деген ынтықсымен көзге түсіп, қытай тілін жақсы меңгерумен қатар, басқа да арнайы пәндерден үздік табыстарға қол жеткізді. Факультетіміздің талапкері атанған күннен бастап, өзін тек өте жақсы қырынан көрсете білді. Өз мамандығын жетік игеруге деген құлшынысы, алға қойған мақсаттарына деген талпынысы өте зор. Оның нақты көрінісі ретінде жақында ғана қытай тілінен шығыстану мамандығы бойынша өткен дәстүрлі Республикалық олимпиадада 35 сайыскердің арасынан жүлделі 2-ші орын иеленіп, ҚХР-дың өзі таңдаған ЖОО-сында оқуға оқу грантын жеңіп алуын айтуға болады.

Салтанаттың қытай тарихына, мәдениетіне, саясатына қызығушылығы өте жоғары. Ой тереңдігі мен сараптамалық қорытынды жасай алумен танылған ол барлық сабақтардан жоғары дәрежедегі білім деңгейін көрсете білді. Тек оқу үлгерімі жағынан ғана емес, сонымен қатар ол өзін қоғамдық жұмыстарды атқаруда да белсенділік танытуда. Университет қабырғасын аттай салысымен № 8 жатақханада студенттер кеңесі төрағасы орынбасары қызметін атқарып, «Сұңқар» кәсіподағы ұйымы мүшесі болып өзін үлгілі тәртібімен көрсете білді. Сонымен қатар үздік үлгерімі үшін факультет деканының алғыс хатымен марапатталды.

Және Салтанаттың бірқатар тілдерді жетік меңгергендігін айта кеткім келіп отыр. Тілді меңгеру қабілеті ерекше, қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді, қытай тілін оқудағы жетістіктері жоғары. 2011 жылы сәуір айында тапсырған HSK (қытай тілі дәрежесін анықтау емтиханы) бойынша 4-ші дәрежені алса, ағылшын тілінен өткен «Елтану» және ағылшын тілінде өлең оқу жарыстарынан жоғарғы орындарды иеленді. Бірінші курстың жаз мезгілінде ағылшын тілінен жаттықтырушы болып та үлгерді. Осы жылы IAESTE бағдарламасы бойынша жазғы демалыс кезінде Шанхай қаласына тағлымдамаға баруға жолдама алды.

2010 және 2011 жылдары жаз мезгілдерінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттік құрылыс жасақтары құрамында ерінбей тер төгіп, еңбек маусымының қызықты өтуіне өз үлесін қосып, белсенділік танытты әрі факультет абыройын 2 жыл қатарынан қорғай білді.

Сонымен қатар Салтанат – қазіргі таңда шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының «Жас қытайтанушылар» клубының төрағасы. Бұл ретте ол кафедра студенттерінің ғылымға бейім болып қана қоймай, түрлі ғылыми конференция, ғылыми жоба, олимпиадаларға қатысуына және түрлі мәдени іс-шаралардың өтуіне жауапты студент.

Салтанаттың ерік жігері мықты, алдына қойған мақсатына жету үшін бар күшін салады, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсете алады. Салтанат Тастанбекованың білім, шығармашылық және кәсіби деңгейі, интеллектуалдық қабілеті жоғары, жаңалыққа жаны құмар.

Қорыта келгенде, студент және болашақ нағыз көшбасшы ретінде, әрбір ісіне жауапты, талапшыл, ізденімпаз, кез келген ортада өзін жақсы ұстап, басқарушылық қабілетімен танылған Салтанат өз факультетінің үздік студенті, мақтаныштарының бірі әрі үлкен үміт күттіретін тұлға.

А.Ә. ТҮРГЕНБАЙ,
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы,
куратор-эдвайзер

Уахит ШӘЛЕКЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚазҰУ ардагерлер кеңесінің мүшесі:

«Туысқандық институттың берік тінін одан әрі бекіте түсу – айрықша міндет»

Өмірде қатып қалған, өзгермейтін нәрсе болмайды. Тіпті, адамның санасы да өзгеріп отырады. Қазіргі жастарды өте жоғары дәрежедегі ұрпақтар деп бағалауға болады. Бұлар – білімді, ой-өрісі кең, дүниені жақсы түсіне білетін, қазіргі заманның техникасын терең игерген азаматтар.

Батыспен қарым-қатынастың күшеюінің нәтижесінде біздің жастарымыз шетелдегі халықтардың тұрмысын, олардың әдет-ғұрпын, киім киісі, жүріс-тұрысын көре отырып, өздерінің бұрынғы ата-бабасынан келе жатқан әдет-ғұрпына нұқсан келтіретін кейбір жағымсыз әрекеттерге де барып жатады. Осыдан сақ болуымыз керек. Дүниеде жаман халық болмайды. Тек, халықтың ішінде нашар адамдар ғана болады. Сол нашар адамдардың нашарлығына еліктеу бізге шарт емес. Жақсы халықтардың жақсы жақтарын қабылдауымыз керек. Біздің ата-бабаларымыз да ұрпақ санасына ежелден осыны сіңіріп келген. Жастар өзінің туған халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын дамытып, оны күшейтіп отыру керек.

Мені толғандыратын бір нәрсе, тек қана жастар емес, олардың әке-шешелерінің, тіпті ата-әжелерінің көрінген адаммен сүйсініп амандасып жататындығы. Біздің халқымызда бұндай нәрсе еш уақытта болмаған. Біріншіден, сүйісу шын көңілден болмай жатады, ал, екіншіден, бұл гигиенаға да қайшы. Осындай әрекеттен ауру жұғуы мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрпайы көрінеді. Қазіргі азаматтардың сүйісуі – батыстан келген жаман ырым. Алдымен, осы нәрседен құтылуымыз керек. Екіншіден, түркі халқы ата-анасына ерекше құрметпен қараған. Олар артына ұрпақ қалдыру үшін отбасын құрып отырған.

Жаратушы адамға саналылықты телегей-теңіз етіп берген. Қазір аспанға түрлі зымырандар ұшырылып жатыр. Жақында Американың азаматы мұхиттың астындағы 30 км тереңдіктен жерасты топырағын алып шықты. Осының бәрі – адам санасының құдіреті.

Ғылымның төңірегінде жүрген жастар бабаларының сөздерін өсиет ретінде сақтауы керек. Біздің ата-бабамызға зейнетақы бермеген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып өсіріп, қартайғанда солардың асырауында болған. Қазір үкіметіміз зейнетақы беріп отыр. Ата-әжесінің зейнетақысының арқасында күн көріп жүрген жалқау жастар да бар. Оны жасыруға болмайды. Өмір жақсылық пен жамандықтан тұрады. Әр уақытта жақсылық жағы басым болып тұруы керек. Сондықтан жастар ата-бабасының ежелден келе



жатқан әдет-ғұрпын жақсы білуге тырысуы қажет. Ол үшін, алдымен, қазақ халқының тарихын, этнографиясын оқып, түйсініп, салт-санасын білуі керек. Қазір жастарда үйлену мәселесі картаның ойыны сияқты. Бүгін үйленіп, бір-екі айдан кейін ажырасып тынады. Ақылы бар жастар ғұмырында бір рет қана үйленеді. Жастардың көпшілігі жақсы, бірақ олардың ішінде бірлі-жарлы жағымсыз қылықтармен айналысатындары да кездеседі. Сондайларды түзу жолға түсіру керек.

Қариялар мен жастардың арасында байланыс жоқ деп айтуға болмайды. Себебі, біреудің әке-шешесі, оның үстіне оның ата-әжесі бар, солармен қарым-қатынас жасайды. Одан кейін бір мекемеде үлкен де, жас та қызмет атқарады. Осындай қарым-қатынас қай кезде де болады. Немерелері ата-әжесін, балалар ата-анасын жақсы көруі керек. Жалпы, қазір бізге туысқандық институттың аталарымыз салып кеткен берік тінін одан әрі бекіте түсу – айрықша міндет.

**Жазып алған,
Маржан БОЛЫСБЕКҚЫЗЫ**

ДОСТИЖЕНИЯ

Команда КазНУ - в призерах

27-28 марта в городе Туркестан в Международном казахско-турецком университете им. Х.А. Яссави состоялась IV республиканская студенческая предметная олимпиада по религиоведению и теологии.

Честь КазНУ защищали студенты факультета философии и политологии (специальность «Религиоведение») Алтынай Маликова, Багдаулет Абдухамитов, Елнар Берикбаев, Баглан Умаров, Жанкожа Жаксыбай и Азат Укибаев. Большую работу по подготовке к олимпиаде провела кафедра религиоведения и культурологии.

Участники олимпиады должны были пройти тестирование, выполнить устное теоретическое и письменное задание. Наши студенты показали высокий уровень знаний и подготовки, отличались творческим

подходом и сплоченностью. Под руководством преподавателя кафедры Улжан Тунгатовой команда КазНУ им. аль-Фараби по итогам трех туров заняла почетное второе место, уступив хозяевам мероприятия. Такое же место в личном зачете занял наш студент Елнар Берикбаев. Победители и призеры в торжественной обстановке были награждены дипломами и памятными подарками.

Организаторы олимпиады подготовили для гостей и участников насыщенную культурную программу. Великолепно прошел праздничный концерт, студенты посетили достопримечательности и исторические памятники Туркестана, центральный музей и новейший медицинский центр.

Соб.контр.

ЖҮЗІҢНЕН КҮЛКІ КЕТПЕСІН

Жүзіңнен күлкі кетпесін деп айтып жатамыз. Шынымен де, күліп жүрген, жайдарлы адам айналасына шуақ шашып жүреді. Осы орайда «1 сәуір – күлкі күні» жайлы айтпақпын.

«Күлкі күнін» дүниежүзінің барлық елдерінде атап өтеді. Бұл күні адамдар барлық достарын, таныстарын «алдап», олардың істеген қылықтарына мәз болып күліседі.

Деректерге сүйенсек, күлкі күнін тойлау алғаш Франциядан бастау алған екен. Ежелгі римдіктер «ақымақтар мерекесін» 17 ақпанда атап өткен болса, наурыздың 31-інде «қалжыңдау салты» Шығыс Үндістанда ежелден бері келе жатыр. Ал Ресейдің Петербор қаласының тұрғындары бірде әдетте өрт шыққанда ұрылатын қатты дабылдан оянады. Әбігерге түскен халық өрт ошағын көре алмайды. Сөйтсе, бұл әзілкештердің ойыны екен. Бұл оқиға 1 сәуір күні орын алған. Сол кезден бастап бұл ойын халық қолдауына ие болып, күлкі күніне айналады. Күлкі күнінің аталуы мен ерекшелігіне келер болсақ, Франция, Англия, Америкада бұл – ақымақтар күні, Испанияда – дөкірлер, Үндістанда – тоқылдақ, Жапонияда – қуыршақтар, Шотландияда тепкі күні деп аталады екен.

Бұл күні әркім таныстарының арқасына сездірмей «мені теп» деген жазу іледі де, оны сырттай күлкіге айналдырады. Бірақ атаулар әртүрлі болғанымен, бұл күн күлкі күні болып саналған соң, бұл күнгі қалжыңға ешкім ренжімейді. 1 сәуір ресми мереке емес. Бұл күні ешкім демалмайды, бір-біріне сыйлық ұсынып, мерекелік дастарқан жайылмайды. Тек ел бір-бірімен қалжыңдасып, көңіл көтеріп, күлкіге қарық болады.

Осынау мереке біздің елімізде де кеңінен етегін жайған. Қария не бала деп қарамай, қалжыңдасып жату дәстүрге айналып кеткен. Осы күні алдамаған не болмаса дос-жарандарының әзіліне алданбаған адам жоқ шығар. Әрине, күлкі деген, бір жағынан, өмірді де ұзартады. Атақты сатирик Сейіт Кенжеахметұлы ағамыздың: «Күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім» деген сөздерінің жаны бар.

Осыған байланысты университетіміздің оқытушылары мен студенттері не дейді екен?!

Жақсылық ҚАЗЫМҰРАТҰЛЫ,
журналистика факультетінің 3 курс студенті:

Ғашықпын деп алдаған

Бір жылы туған күнімде достарымның алдағаны есімнен кетпейді. Туған күн кешінде достарыммен жиналып отырғанбыз. Бір уақытта асаба жігітімиз маған бір тосын хат келгенін айтады. Қонақтарымынның көзінше соны ашып, оқи бастады. Сөйтсе ол бір бейтаныс қыздың жазған махаббат хаты екен. Ол хатта мені сүйетінін, менен көңілі қалғанын, ренжігенін білдіреді. Тіпті осы туған күнімде қасымда отыру керек екенін, бірақ

менің оны шақырмағанын айтады. Осы мезетте қонақтарымынның алдында ұялғаным-ай... Кірірге жер таппай кеттім. Ұяттан қызарып хат иесінің атын күтіп отырған едім. Дәл сол сәтте «Сәлеммен сенің өтіп кеткен бір жылын» дегенді естігенде, не күлерімді, не жыларымды білмедім. Сөйтсем, отырған достарым бұның барлығын алдын ала ойластырып қойған екен. Міне, осындай басымнан өткен қызықтар есімнен кетпейді.



Нұрсұлтан ҚҰРМАН,
философия және политология факультетінің 1 курс магистранты, тележүргізуші:

Жалған кездесу

Қазіргі заманда біраз уақытымызды әлеуметтік желілерде өткізетініміз баршаға мәлім. Жаңа адамдармен танысып, араласып дос болып та жататынбыз. Есімде қалған бір қызығым бар. Әп-әдемі, сүйкімді мектепте оқитын бойжеткенмен таныстым. Түрі жанымға жылы көрінді. Ол Астана қаласынан еді. Біраз уақыт араласқан соң, кездесуді мақұлдадық. Өзім де Астанаға жол жүруді көздегем. Аса қуанышпен кездесуді күтіп жүрдім. Қуаныштан тіпті, келіскен күніміз жайлы ойламаппын. Солай жүргенімде, сол қыздың суретін досыма көрсеттім. Ол біраз күліп, бұл «Shine» тобының әншісі екенін айтты. Сөйтсем, мен суреттегі әнші қызды танымаппын. Артынан 1 сәуір кездесу керек екеніміз есіме түсіп, мен де біраз күліп алдым.

Алма ҚЫСТАУБАЕВА,
экономика және бизнес факультетінің аға оқытушысы:

Ана атанғанымды сендіре алмадым

Жастық шағымнан 1 сәуірге байланысты жақсы естелік қалған. Күйеуім - студент. Мен ұлыма жүкті едім. Жұбайым сақалын өсіріп жүретін. Қалжыңдап менің әйелім ұл босанғанда ғана сақалымды аламын дейтін. Достарымызға әзілдейміз деп, 1 сәуір күні сақалын алып, әйелім ұл босанды дегені бар еді. Айтқаны, тіпті шын боп шықты. Сол күні мен босандым. Өкініштісі, туған-туыстарымыз да бұған сенбей әзіл деп ойлады. Көпке дейін сенбей жүрді.

Дайындаған,
АҚБОТА ИСЛӘМБЕК

НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА

НАУРЫЗ - ЖАҢАРУ АЙЫ

Наурыз - жыл басы. Наурызда бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», - деген нақыл сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз достық, еңбек, бейбітшілік, тазалық мерекесі.



ды. Кітап қорлары шаңнан тазартылып, жұмыс орындарындағы стендтер жарнақтылды.

Кітапхана ұжымына бөлінген университет территориясына бүкіл ұжым болып сенбілік ұйымдастырылып, шаңкоқыстан тазартылды. Ағаш түптері тазартылып, әктелінді.

Ғылыми кітапхана жылда Наурыз мерекесінде студенттер қауымына тегін наурызкөже, палау, бауырсақ тарату ісін дәстүрге айналдырған. Биыл да университеттің «Парасат», кәсіподағы ұйымының қолдауымен ректорат алаңында өтетін мерекеледе осы шараны өткізбекпіз.

К.Қ. СЫБАНБАЙ,
жаратылыстану факультеттеріне қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі



Баспагерлер Әз Наурызды ерекше атап өтті

Ұлыстың ұлы күні - Әз Наурызды «Қазақ университеті» баспасының ұжымы ерекше ілтипатпен мерекеледі.

Мерекелік кеш барысында баспа директоры Алмаз Талғатбекұлы Ұлыстың ұлы күні - Наурыздың қанша ғасыр даламызға, елімізге сән бергендігін, байтақ еліміздің Наурызбен нұрлана түскендігін, жыл салып арамсызға қайта келгендігін тілге тиек етіп, өз ұжымын жыл басы - жаңа жылмен құттықтап, табыс тіледі.

Ұжымда мерекелік ақ дастарқан жайылып, қазақтың ұлттық тағамдары және Наурызкөже тартылды. Әсіресе мерейлі мерекенің мерейін тасытқан баспаның редакциялық бөлімі болды. Мерекеледе редакторлар - Самат Қалуов, Ағила Шора, Керімше Сәбит, Гүлмира Бекбердиева, Зүльфиям Үсенова, Гүлжан Рүстембекова, сондай-ақ баспа экономисі - Роза Сейджанова ұлттық нақыштағы театрландырылған қойылым көрсетіп, өз өнерлерімен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Студенттік көктем - 2012» байқауы өз мәресіне жетті

(Басы 1-бетте)

Ал жалпы байқаудың қорытындысын ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы жариялады. Сонымен, жүлделі 1-ші орынды жоғары оқу орнына дейінгі факультет жеңіп алса, 2-ші орынды филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті мен биология және биотехнология факультеті, 3-ші орынды география және табиғатты пайдалану факультеті мен экономика және бизнес жоғары мектебі иеленді.

Марапаттау рәсімінен кейін бірден өнерлі өрендердің өнерін көрермен тамашалады. Алдымен, концертті Студенттер клубының «Хор» үйірмесінің мүшелері Шат Де Доның «Randy store hill» шығармасын көтеріңкі көңіл-күймен орындап, көпшілік қошеметіне бөленді. Концертте ерекше жанрдағы шығармалар өте көп болды. Мәселен, Андреа Бачеллидің әнін орындаған география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттері Досхан Жалниязов пен Тұрсынай Дүсіпованың орындауындағы әсем әуен баршаның көңілінен шықты десек артық айтпаймыз. Сонымен қатар, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті әртүрлі халықтардың билерінен би шеруін ұсынуы да бұрын сонды болмаған еді. Сондай-ақ химия және

химиялық технология факультетінің бишілері дайындаған орыс биі «Кадриль» де сахнаның көркін кіргізді. «Домбырада ойнау шеберлігі» номинациясының жеңімпаздары ұлттық аспаптың қыр-сырын меңгерген өнерлі жастар механика-математика факультетінің студенті Марат Өмірбеков пен философия және саясаттану факультетінің студенті Әлібек Мұхамеджановтың орындауындағы «Күй тартыс» халықтық қазынамыздың қасиетін танытқандай болды.

Кеште В.А. Лактионова жетекшілігімен «Спорттық-би клубының» дайындаған қазіргі заман биі қонақ ретінде қатыстырылды. Сонымен қатар әлеуметтік даму жұмысы жөніндегі проректор Ш.Е. Жаманбалаеваның атынан алғыс хат табыс етілді. Гала-концерт жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің студенті Малика Есмұхамбетованың «Өмір бөйге» атты авторлық әнімен аяқталды.

«Студенттік көктем» фестивалі — жыл сайын университет көлемінде өтетін ауқымды іс-шаралардың бірі ғана емес, студенттердің әсерлі, қызыққа толы ұмытылмас мереке.

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,
студенттер клубының жетекшісі

«Студенттік көктем - 2012» байқауының ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Ән байқауы бойынша:

- Эстрадалық ән жанры:

Малика Есмұхамбетова - (жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті)
Әсет Арыстанбек - (механика-математика факультеті)
Айжан Әлімқұл - (шығыстану факультеті)

- Домбырамен дәстүрлі ән орындау бойынша:

Ұлбосын Еркімбек - (биология және биотехнология факультеті)
Ботагөз Байтақ - (жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті)
Сейітхан Амангелді - (журналистика факультеті)

- Әнді топтық орындау бойынша:

Трио - (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, орындаушылар: Жанна Верещак, Руслан Шанаев, Жадыра Мұзбаева)

Дует - (география және табиғатты пайдалану факультеті, орындаушылар: Досхан Жалниязов, Тұрсынай Дүсіпова)

Дует - (журналистика факультеті, орындаушылар: Нұрхан Қарасай, Бексұлтан Барат)

Бишілер байқауы бойынша:

- Халық биі (топтық):

«Үкілі қыз» биі - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

«Кадриль» биі - (химия және химиялық технология факультеті)

«Мерей» биі - («Кербез» тобы - филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті)

Заманауи би (топтық):

«Самуан» биі - (физика-техникалық факультеті)

«Любовь к танцы» - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті) «Мулен руж» - (биология және биотехнология факультеті)

Классикалық би (топтық):

«Куклы» - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

«Классикалық би» - (химия және химиялық технология факультеті)

«Классикалық би» - (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті)

Аспаптарда музыкалық шығармаларды жеке орындау:

Домбыра:

Марат Өмірбеков - (механика-математика факультеті)
Әлібек Мұхамеджанов - (филология және саясаттану факультеті)
Мирас Қапар - (химия және химиялық технология факультеті)

Фортепиано:

Динара Қарақұлова - (экономика және бизнес жоғары мектебі)

Әлихан Нұрғалиев, Тахмина Избакиева - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Илья Левшиц - (халықаралық қатынастар факультеті)

Акордеон, баян:

Руслан Куандық - (филология және саясаттану факультеті)

Артур Шавалеев - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Айзада Әсетқызы - (география және табиғатты пайдалану факультеті)

Скрипка, қобыз:

Нұрлан Жетіруов - (халықаралық қатынастар факультеті)

Джон Да Ми және Ким Джи Енг - (жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті)

Шыңғыс Оразалы, Айғанайым Молдабекова - (экономика және бизнес жоғары мектебі)

Саксофон:

Әл-Фараби Сырлыбаев - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Әсет Мұхтаров - (филология және саясаттану факультеті)

Абай Омар - (халықаралық қатынастар факультеті)

Гитара:

Марат Нұрымбетов - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Колледж

Бекжан Белғозиев - (химия және химиялық технология факультеті)

Дәурен Айтұғанов - (экономика және бизнес жоғары мектебі)

Авторлық шығармалар байқауы:

Поэзия:

Ержан Нұрлан - «жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Оралбек Ысқақ - (тарих, археология және этнология факультеті)

Амалхан Төлебек - (физика-техникалық факультеті)

Ән:

«Өмір бөйге» - Малика Есмұхамбетова (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

«Песня КазГУ» - Руслан Нұрғалиев, Рауан Әбдірахманов (экономика және бизнес жоғары мектебі)

«Самғай бер» - Дана Әйтимова (биология және биотехнология факультеті)

«Арман әнім» - Ақбидая Сейсенбаева (заң факультеті)

Ерекше жанр:

Цирк өнері - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

Фокус - Ақтөре Әуелов (заң факультеті)

Сатира - Еркін Оспанбек - (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті)

Жүргізушілер:

1. Айдана Ержанова, Ержан Нұржан - (жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру факультеті)

2. Іңқар Амангелді - (халықаралық қатынастар факультеті)

3. Есетжан Бірманов - (экономика және бизнес жоғары мектебі)

4. Амалбек Өміртай - (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті)

5. Жамал Насырова - (биология және биотехнология факультеті)



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а. – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар: Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ағыла ШУРИЕВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Татьяна ӘКІМОВА
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс №:

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.